

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада функционалдық сауаттылық ұғымдары қарастырылады, ағылшын тілін оқытуда функционалдық сауаттылықтың даму ерекшеліктері талданады, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың мысалдары келтіріледі.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, функционалдық сауаттылық бағыттары, ағылшын тілі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақты функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болу үшін бұл аса маңызды».

Қазіргі жаһандану заманында ағылшын тілі адамның және бүкіл қоғамның көптеген қажеттіліктерін қамтамасыз ету құралына айналып жатыр. Осы тұста «ағылшын тілі не үшін қажет?» деген сұрақ туындайтыны анық. Біз күнделікті өмірде ағылшын тілін қолдану қажеттілігімен бетпе-бет келеміз: компьютерде жұмыс істеу, әлеуметтік желілерде сөйлесу, бейнероликтерді көру, конкурстар мен жарыстарға қатысу т.с.с. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әлемде адамдар көбірек саяхаттай бастады, бұл шет елдерінің мәдениетінің игеруге және сонымен бірге өз мәдениетімен салыстыруға тамаша мүмкіндік.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта елімізде әлемдік білім кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Аталмыш процестің негізгі, ұтымды әрі сәтті көрсеткіштерінің бірі - функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға басым назар аударылып және басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылуы. Жалпы функционалдық сауаттылық адамның қоғаммен, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауға және сол әрекеттерге тез бейімделу, әрі жұмыс жасау болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жасалатын іс-әрекеттерді айқындайтын болсақ, алдымен оқушыға тікелей ықпал жасайтын мұғалімдердің ізденімпаздылығына басты назар аудару қажет. Оқушыларға күнделікті жас ерекшеліктер ескере отырып, заманауи білім беру технологияларымен және терең теориялық дайындықты, әдіс-тәсілдерді қолдану аясына кіргізу қажет [1].

Ағылшын тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олардың әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының ағылшын тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді [2, 50 б].

Ағылшын тілін оқыту барысындағы функционалды сауаттылығын дамытудағы негізгі мазмұны: оқушыларды сауатты, әрі мәнерлі, ауызша және жазбаша еркін сөйлеуге меңгерту, күнделікті өмірде диалог жүргізе алу қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Ағылшын тілін оқыту процесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға әртүрлі жолдармен қол жеткізуге болады.

Ағылшын тілі сабақтарын ұйымдастыруда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, оқушылардың қызығушылығын арттырудың барлық амалдарын жасай отырып, түрлі ойындар ұйымдастыру қажет.

Оқушыларды оқытуда терең теориялық дайындықпен оқыту, түрлі мәселелерді сәтті шешу үшін қажет танымдық процестер туралы білім мен қолжетімділікті қамтамасыз етеді [2, 65 б].

Алайда мұғалімдер оқушыларды оқыту барысында мәтінмен жұмыс жасауда түрлі қиындықтарға тап болатындықтары анық. Атап айтқанда, оқушылар көптеген сөздердің мағынасын білмейді; жазылғанның мағынасын түсінбейді; кілт сөздерді бөлектей алмайды; сұрақтарды дұрыс

тұжырымдай алмайды; мәселені шешу әдісін таңдай алмайды; оқу барысында оқытудың бір дағдысынан екіншісіне өте алмайды.

Аталған барлық мәселелер функционалды сауаттылықтың нашар дамуына байланысты орын алып отыр. Жоғарыда айтылғандай, қазіргі уақытта функционалды сауаттылықтың дамуына басты назар аударылып отыр.

Ағылшын тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты қалыптастырудағы мәселелерді шеше отырып, келесі міндеттерді қойылады:

1. оқушылар үшін функционалды сауатты тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау;
2. жұмыс кезеңдерін анықтау;
3. білім алушылардың грамматикалық дағдыларын игеруге бағытталған жаттығулар жүйесін әзірлеу;

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс бірнеше кезеңде жүргізіледі:

1. Дайындық кезеңінде мен балаларға грамматикалық құбылысты түсіндіру.
2. Әрі қарай, білім алушылар зерттелген құрылымды қайталайды.

Үшінші кезеңде оқушылар қарым-қатынас жағдайларын өзгерту арқылы сөйлеуде грамматикалық құрылымдарды қолданады.

Функционалды оқу дағдылары қалыптасқан оқушылар қалай сипатталады?

Функционалды сауаттылық дағдылары қалыптасқан оқушы оқудың әртүрлі түрлерін қолдана алады. Ол ағылшын тілін оқу мен түсінудің бір жүйесінен екіншісі жүйеге ауыса алады. Сонымен қатар, мұғалімнің функционалды сауаттылықты қалыптастыруға арнап жасаған тапсырмалары кезінде келесі сұрақтарға жауап беруі маңызды: тапсырмалардың негізгі мақсаты қандай, мәтінді түсінудің қандай деңгейі бекітіледі немесе тексеріледі?

Жалпы, функционалды сауаттылықты дамытатын тапсырмалардың типологиясы әр түрлі болып келеді. Сабақтарда келесі тапсырмалар түрлерімен ұсынылуы мүмкін:

1. Қосымша ақпаратты қажет ететін тапсырмалар.
2. Бірнеше өзара байланысты сұрақтардан тұратын кешенді немесе құрылымдық тапсырмалар.
3. Бір тапсырмада әртүрлі жауаптармен жасау форматтары.
4. Тапсырманы орындау уақытының шектелуі.
5. Диаграммаларды түсіндіру.

Функционалды сауаттылықты арттыруға арналған тапсырмалар жасау кезінде көп жағдайда Блум теориясына сүйенеді, оған сәйкес когнитивті процестердің тізімі иерархиялық түрде ұйымдастырылған. Функционалды оқуды тексеруге арналған тесттердің айрықша ерекшеліктеріне мыналар жатады: мәтіннің үлкен көлемі; бейімделмеген мәтін; суреттер, схемалар, диаграммалар, кестелер, графиктер түрінде ұсынылған ақпарат; әр түрлі пәндерден білімді біріктіруді қажет ететін тапсырмалар; білімнің қай саласына жүгіну керектігі белгісіз тапсырмалар [2, 6 б].

Функционалды оқу тапсырмаларына үздіксіз мәтіндерді таңдаудың кейбір ережелерін сақтау маңызды:

1. Мәтін оқушыға қызықты болуы керек.
2. Мәтінде оқушыға белгісіз ақпарат болуы керек.
3. Мәтін ойды дамытуы керек.
4. Мәтінде сандармен, терминдермен шамадан тыс жүктелмеуі керек.
5. Мәтіндегі суреттер танымдық белсенділіктің дамуына ықпал етуі керек.
6. Мәтіннің қиындық деңгейі оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек. Қажет болса, мәтінді бейімдеу керек.
7. Бейтаныс сөздер мәтіннен "алынып тасталуы" керек немесе ескертулерде көрсетілуі керек.
8. Мәтін көлемі нормадан аспауы керек.
9. Мәтін құрылымды болуы керек.

Ағылшын тілін оқыту процесінде коммуникация саласындағы функционалды сауаттылықты өзектендіру білім берудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Әдістемелік әдебиеттерді талдауда көрсеткендей, сөйлеу әрекетінің төрт түрінің ішінен: сөйлеу, оқу, тыңдау және жазу, ал тыңдау ағылшын тілі сабағында ең аз уақытты алады, дегенмен ағылшын тілін практикалық меңгеру тұрғысынан тыңдау сөйлеуден кем емес маңызды позицияны алады.

Бұл оқушыларды дыбыстық сөйлеуді мұқият тыңдауға, мәлімдеменің семантикалық мазмұнын болжай білуге және осылайша тыңдау мәдениетін тек ағылшын тілінде ғана емес, ана тілінде де тәрбиелеуге үйретуге мүмкіндік береді.

Бір мезгілде оқушымен жұмыс жасағанда есту қабіледі арқылы түсіну және есте сақтау қабілеттерін дамытуға жақсы жағынан әсер етеді. Бұл тек ағылшын тілдерінде ғана емес, кез-келген басқа да пәндер үшін маңызды болып табылады.

Ағылшын тілі сабағында оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын мақсатына көп қолданатын әдістің бірі сыни тұрғыдай ойлау болып табылады. Еліміздің жарқын болашағының мәңгі болуына ықпал ететін, осы сын тұрғысынан ойлау. Сыни ойлау немесе сын тұрғысынан ойлау оқушының бойында еркін қозғалуды, топ алдында еркін сөйлеуді, жұптық, топтық және жеке жұмыстарды жасауды қалыптастырады.

Сонымен қатар, өз ойын еркін жеткізуге үйренуге ықпал жасайды. Мен өз сабақтарымда оқушылардың қызығушылықтарын ояту мақсатында топпен жұмысты, ой қозғап, жаңа тақырыпты түрлі көрнекіліктерді пайдалану арқылы өтемін. Нәтижесінде оқушы топпен жұмыс жасауға бейімделеді. Түрлі жаңаша әдістерді қолдану арқылы жаңа тақырыптарды тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыған оқушының функционалды сауаттылығы да дамып, өзіне деген сенімділігіде қалыптасып, жоғарылайды. Сонымен қатар, оқушы жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. [4, 6 б].

Қортындылай келе, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ағылшын тілі сабақтарының ықпалы өте зор. Оқушыларға мазмұнды бағытталған білім беру арқылы білімдері мен біліктерін өмірде қолдануды үйрете аламыз. Сонымен қатар, оқушылардың өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары//12 жылдық білім беру 2012 ж.
2. Мектеп ұстаздары әлемі» педагогикалық журналы №6 (4)2015 ж
3. <https://e-koncept.ru>
4. Рождественская Л., Логвина И. функционалды оқу дағдыларын қалыптастыру. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. URL:<http://umr.rcokoit.ru/dld/methodsupport/frozhddest.pdf> - (20.04.2015).
5. Anderson, L. W. & Krathwohl, D. R. (2001). A taxonomy for learning, teaching, and assessing. New York: Longman.
6. Bloom, B.S., (Ed.). 1956. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman.<http://worldofteacher.com/>

Амиртаева М.Н.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – САПАЛЫ БІЛІМ НӘТИЖЕСІ

Аннотация. Мақалада жаңартылған білім мазмұнының негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Бүгінгі өзгермелі дамыған қоғамда оқытушы білім алушыға тек қана ғылым негіздерін оқытып қана қоймауы тиіс. Жаңартылған білім мазмұнының өзіндік ерекшелігі айқындалды. Оның дәстүрлі білім жүйесінен өзіндік жаңалығы көрсетілді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңызы танытылды.

Кілт сөздер: сауаттылық, құндылық, ұлттық білім, функционалдық.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның